

"Ақмола облыстық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Ақмола облыстық мәслихатының 2014 жылғы 5 наурыздағы № 5С-22-3 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облыстық мәслихатының 2017 жылғы 22 қарашадағы № 6С-16-8 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 қарашада № 6210 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Ақмола облыстық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Ақмола облыстық мәслихатының 2014 жылғы 5 наурыздағы № 5С-22-3 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4049 болып тіркелген, 2014 жылғы 3 сәуірде "Арқа ажары" және "Ақмолинская правда" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облыстық
мәслихаты сессиясының
төрағасы*

Ә.Баймағамбетов

*Ақмола облыстық
мәслихатының
хатшысы*

Д.Нұрмолдин